


Римдегі меншік құқығы

- Заттар ұғымы және олардың жіктелуі.
- Римдегі меншік құқығының сипаттамасы
- Бөтеннің мүлкіне құқық



Затқа қатысты Дигестыларда
келесідей анықтама ұсынылған:
«Қандай да бір тұтастықты
білдіретіндердің және мүліктік
құндылыққа иелердің барлығы
затқа жатқызылады».

Сыртқы немесе физикалық сипаттамаларына орай заттар келесідей

түрлерге жіктеледі:

1) денелі және денесіз. Бұған қатысты Гай келесідей анықтаманы ұсынады: «қол тигізіп ұстауға жарайтын заттар денелі заттар деп танылады; мысалы, егін алқабы, құл, көйлек, алтын немесе күміс және басқа да көптеген мүліктер. Ал, мұра, узуфрукт, аралуан міндеттемелер сияқты қол тигізу мүмкін емес құқықтар денесіз заттар деп танылады».

Бұдан әріде, Гай былай жалғастырады:
«Әдетте, мұраны егін алқабынан алынатын денелі заттар немесе өнімдер құрауы себепті олар денелі заттар ретінде танылады және міндеттемеге орай бізге тиесілі мүліктер жалпылай алғанда, денелі заттар болып табылады. Атап айтқанда, егін алқабы, құл немесе ақша соммасы. Ал, мұраның, узуфрукттың өзіне құқық және міндеттеменің өзі денесіз заттар деп танылады».

Ал, Гарсиа Гарридо Цицеронның да заттарды *денелі және денесіз* деп жіктегенін жеткізеді: қолмен ұстап көруге болатын заттар біріншісіне жатқызылса, ал, ұстауға болмайтын тек, ақылмен танылатындары екіншісіне жатқызылады.

2) Құқықтық салдарларына орай заттар бөлінетін және бөлінбейтін деп жіктеледі;

3) жай және күрделі заттар: Помпоний заттардың үшке жіктелетінін жеткізіледі: *«Құл, бөрене және осы сияқты дербес бір бөлік болып табылатын заттар; зимарат, кеме сияқты өзара байланысты құрамдас бөліктерден тұратын заттар; үшінші топты өзара байланысты емес заттар болғанымен бір атаумен аталатын мүліктер құрайды. Мысалы, халық, легион немесе табын»;*

4) Тектік белгілерімен және жеке-дара айқындалған заттар;

5) тұтынылатын және тұтынылмайтын заттар: Мысалы, көмір, тағам өнімдері. Юстиниан тұтынылатын заттар санатына қолданудан ескіретін заттарды да жатқызады.

6) жылжитын және жылжымайтын заттар;

7) басты зат және керек-жарақ. Бұған қатысты Дигестыларда келесідей анықтама берілген (D.34.2.19.20): *«Егер, қымбат бағалы тастар алтын және күміс вазаларға орналастырылса, онда олар алтын және күмістің керек-жарағы болып табылады; өйткені, біз қай заттың үлкен құндылыққа ие екендігіне емес, қай затты әсемдеуге қолданылатынына назар аударамыз».*

- 6) жылжитын және жылжымайтын заттар;
- 7) басты зат және керек-жарақ. Бұған қатысты Дигестыларда келесідей анықтама берілген (D.34.2.19.20): *«Егер, қымбат бағалы тастар алтын және күміс вазаларға орналастырылса, онда олар алтын және күмістің керек-жарағы болып табылады; өйткені, біз қай заттың үлкен құндылыққа ие екендігіне емес, қай затты әсемдеуге қолданылатынына назар аударамыз».*

8) Манципацияланатын және манципацияланбайтын заттар. О.С. Иоффенің деректері бойынша өндірістің маңызды құралдары болуы себепті құлдар, ірі қара мал, италиядағы жер бөліктері Римдегі ең құнды игіліктер болып табылған. Сондықтанда, олардың иелерінің мүдделерін тиісінше қорғауға қатысты арнайы шаралар қабылдау қажет болды. Сондай шаралардың бірі манципация болып табылды. А.В. Орлянскаяның пайымдауынша, манципация бес куәнің қатысуымен күрделі нысанда өтетін болды. Бір сөзден қателесу мәміленің жарамсыздығына әкелетін болды. 9)

Айналымдағы және айналымнан алынып тасталған заттар.











